

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов
атындағы гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ**

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ С.МӘУЛЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение
«ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ С.МАУЛЕНОВА
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА КОСТАНАЯ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 31 тамыз
Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 319
город Костанай

Ішкі тәртіп ережені бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 43-баптың 3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 31 тамыздағы педагогикалық кеңес отырысы шешімін (№1 хаттама, 31.08.2023ж.) орындау және гимназияның жұмысын ұйымдастыру мен үйлестіру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Гимназияның Ішкі тәртіп ережесі бекітілсін. (1-қосымша)
2. Гимназия жұмыскерлері Ішкі тәртіп ережесімен қол қойып таныстырылсын.
3. Гимназияның Ішкі тәртіп ережесі 2023 жылғы 01 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор:

А.Мадидбаев

Бұйрықпен таныстырылды:
«31» тамыз 2023ж.

1. Г.Алимова
2. А.Ахметжан
3. Г.Балтабаева
4. У.Байткенова
5. С.Бейсенова
6. Г.Бактыгереева

КЕЛІСЕМІН:

Гимназияның кәсіподақ комитетінің
төрайымы **А.Шымбергенова**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов
атындағы гимназиясы» КММ

2023 жылғы 31 тамыздағы

№319 бұйрығына

1-қосымша

БЕКІТЕМІН:

Директор:

А.Мадиебаев

КЕЛІСЕМІН:

Кәсіподақ комитетінің төрайымы:

А.Шымбергенова

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ**

Бұл ереже ҚР «Білім туралы» Заңы, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

I тарау

Оқу үрдісінде қатысушыларға арналған бірыңғай ережелер, мәдени тәртіпке қойылатын жалпы талаптар.

Жұмыс кестесі. Жалпы тәртіп. Құқық.

I. Жұмыс кестесі:

1. Гимназияда бес күндік оқу аптасы белгіленеді, екі ауысымда жұмыс жасайды.
2. Оқу жылында гимназия білім алушыларының демалыстары ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес жүргізіледі.
3. Сыныптардағы оқу үрдісі білім ұйымының басшысымен бекітілген сабақ кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.
4. Гимназияда сабақтар 08.00-ден басталады (өндірістік қажеттіліктерге байланысты сабақтардың басталу уақыты гимназия басшысының бұйрығымен өзгертілу мүмкін). Сабақтардың ұзақтығы - 45 минут, үлкен үзілістер 15 минут, қалғандары 5 минуттан кем емес. (қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде сабақтардың ұзақтығы 40 минутке өзгертілу мүмкін) Тамақтану үлкен үзіліс уақыты аралығында кестеге сәйкес ұйымдастырылады. Қоңыраулар гимназия басшысы бекіткен кестеге сай беріледі.
5. Гимназияда вариативті компоненттің есебінен және одан тыс (қосымша білім беру) жеке бекітілген кестелерге сай курстар, үйірмелер, секциялар, кеңестер және т.б. жұмыс нысандары ұйымдастырылады.
6. Гимназияның ресми сайтында, ресми әлеуметтік желілердің парақшаларында гимназия жұмысы туралы ақпараттар жарияланады: гимназия туралы жалпы мәліметтер, жұмыс жоспарлары, гимназияға қабылдау тәртібі, гимназия ішкі тәртіп ережелері, сабақ кестелері, байланыс құралдары және т.б. ақпараттар мен мәліметтер.

II. Жалпы тәртіп:

1. Гимназия 07.00-дан ашылып, жауапты әкімшілік мүшесі/кезекші 07-35сағ. келеді. Кезекшілік кестеге сай ұйымдастырылады. Кезекші педагогтер 07.45сағ. өз орындарында болуы міндетті.
2. Гимназияға педагогтер сабақ басталудан бұрын 15-минут, ал білім алушылар 10-минут бұрын келуге тиіс.
3. Білім алушылар мен педагогтер сыртқы киімдерін және аяқ киімдерін гардеробта қалдырады, ауа райына байланысты екінші аяқ киімнің болуы міндетті.

2. Гимназия білім алушылары, педагогтері, келушілер жалпы тәртіп ережелеріне сай өзара әдепті қарым-қатынаста болуға тиіс.
 3. Бір-біріне физикалық және моральды түрде күш көрсетуге қатаң тыйым салынады. Жәбірленген білім алушы гимназияның кез келген жұмыскерінен көмек сұрауына, ал жәбірленген жұмыскер гимназия әкімшілігінен көмек алуына құқылы.
 4. Білім алушы басқа білім алушыға күш көрсетіліп жатқанын көрген жағдайда, өзі араласпай бірден гимназия жұмыскерлеріне, кезекші педагогқа немесе әкімшілік мүшесіне хабарлауға тиіс, олар өз кезегінде әрі қарай болған жағдай бойынша тиісті шешімдер қабылдайды.
 5. Гимназияда педагогтерге, білім алушыларға және ата-аналарға тыйым салынады:
 - а) қоршаған орта үшін қауіпті жағдай тудыратын кез-келген іс-әрекет жасауға;
 - ә) қарым-қатынасты анықтау үшін қорқыту, акша талап етуге (буллинг);
 - б) суық қару, шприцтер, пиротехникалар, ішімдік сусындар, нашакорлық заттарды әкелуге оны бір-біріне беруге немесе қолдануға;
 - в) дөрекі сөздерді қолдануға;
 - г) ғимараттың ішінде және ауласында темекі шегуге;
 - ғ) сабақ уақытында ұялы телефонды, басқа да электронды құралдар (телефон, плеер т.б.) қолдануға және олар сабақ уақытында партаның үстінде жатпауға тиіс (тек педагог сабақ үрдісінде қолдануды ұйымдастырған жағдайдан тыс);
 - д) педагогтың, гимназия әкімшілігінің рұқсатынсыз гимназияда аудио және бейне түсірілімдер жасауға;
 - е) карта және басқа да азарттық ойындар ойнауға;
 - ж) төтенше жағдайдан тыс, эвакуациялық баспалдаққа шықпау, есіктерді ашпау;
 - з) жоғалған бағалы заттарға (алтын бұйымдар, ұялы телефондар және т.б.) гимназия әкімшілігі жауап бермейді.
 6. Талаптар орындалмаған жағдайда (сабаққа кедергі болған жағдайда, педагогтың ескертуіне мән бермеген жағдайда) педагог, гимназия әкімшілігі жоғарыда көрсетілген заттарды (ұялы телефон және т.б.) сақтауға алып қоюға құқылы. Сақтауға алынған заттар тек ата-аналарына немесе оларды алмастырушы тұлғаларына беріледі.
 7. Сыныптан тыс іс-шаралар өтіп жатқан жағдайда залдан шығуға немесе кіруге, олардың өтілуіне сөзбен, ескертпелермен, қозғалыспен кедергі келтіруге рұқсат етілмейді.
 8. Гимназияның әрбір білім алушысы және жұмыскері гимназия ауласындағы қауіпсіздікті сақтап, жоспарланған сыныптан тыс іс-шаралар өтіп жатқанда жолда жүру ережесінің талаптарын қатаң орындайды.
 9. Гимназия ауласында білім алушылар мен жұмыскерлердің өміріне қауіп төндіретін жағдайларды ескерту үшін, әкімшілік бақылау жүйелерін қолданады.
- Сыртқы пішінге қойылатын талаптар:**
10. Білім алушының сыртқы көрінісі оқу үрдісінің мақсатына сай болуы тиіс, білім алушылар сабақтарға гимназияда қабылданған және бекітілген мектеп формасымен келіп қатысуға міндетті. Мектеп формасының түсін, фасонын таңдау және бекітілуі жалпы гимназияның ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі. Гимназия басшысының бұйрығымен рәсімделеді. Мектеп формасына сәйкес білім алушыларға: шашты түрлі –түсті бояуға бояу рұқсат етілмейді (шашты

4. Білім алушылардың өз киімдерін алуын гардероб қызметкері қадағалайды. Білім алушылар киімдерін үзіліс кезінде гардероб қызметкерінің көмегімен ғана алады.
5. Шешінетін орындарда ұрлыққа жол бермеу үшін ақшалар және басқа да құнды заттарды қалдыруға рұқсат берілмейді. Жеке заттар жоғалған жағдайда білім алушы дереу сынып жетекшісіне және гимназия әкімшілігіне хабарлау тиіс.
6. Сабақ уақытындағы үзілістер білім алушылар мен педагогтердің демалуына, тамақтануына, келесі сабаққа дайындалуына және т.б. қолданылады. Үзіліс кезінде кезекші педагог және білім алушы өз орындарын тәртіппен, тазалықпен қамтамасыз етеді.
7. Білім алушылар мен педагогтер асханада кестеге сай тамақтанады.
8. Білім алушылар асханада өздерін тәртіпті, әдепті ұстайды, шуламайды. Тамақты шашуға және сонымен қатар асханадан шығаруға тыйым салынады.
9. Асханада білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыруды, тәртіптерін қадағалауды асханадағы кезекші педагог және сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог іске асырады.
10. Гимназияға оқу үрдісі кезінде бөтен адамдарға, ата-аналарға әкімшіліктің келісімінсіз кіруге рұқсат етілмейді. Келушілердің барлығы арнайы бақылау турникеті арқылы өтеді, тиісті журналған тіркеледі.
11. Соңғы сабақ аяқталған соң сынып жетекшілер білім алушыларды гардеробқа шығарып салады. Педагог гимназиядан шықпас бұрын соңғы сабақ өткізген/ жауапкершілік бекітілген кабинеттің/бөлменің терезелерін, крандарын тексереді, жарықтарды, техникалық құралдарды өшіреді.
12. Гимназияда сабақтан кейін іс-шараларға, кеңестерге және басқа да жұмыстарға қатысатын білім алушылар гардеробтан сыныптастарымен бірге өз киімдерін алуға міндетті, гардероб жұмыскері жұмыс істемеген уақытында гардеробтағы заттарға жауап бермейді.
13. Білім алушылардың гимназия ғимаратынан шығуын кезекші педагог, әкімшілік мүшесі және вахтер жұмыскері ұйымдастырады.
14. Сабақтан тыс іс-шаралар жоспар бойынша өткізіледі. Іс-шараларды ұйымдастырушылар гардероб жұмыскерімен келісе отыра, іс-шараның өту орны мен уақыты туралы кезекші әкімшілікке және вахтадағы кезекшіге хабарлайды. Сабақ уақытында және демалыс күндері іс-шараны ұйымдастырушылар немесе бекітілген кезекші білім алушыларды гимназияның 1-қабат фойесінде күтіп алып, іс-шаралар өтетін орынға шығарып салады.
15. Келушілерді қабылдауды гимназия басшысы немесе орынбасарлары/ кезекші әкімшілік мүшесі жүзеге асырады. Ата-аналар, білім алушылар, педагогтер және де басқа да қызығушылық танытқан адамдармен кездесуді реттеу мақсатында гимназия басшысының қабылдау кестесі бекітіледі.
16. Жалпы гимназия ішілік ата-аналар жиналысы бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. Жоспардан тыс іс-шаралар туралы сынып жетекшісі немесе пән мұғалімі кезекші әкімшілікке бір күн бұрын хабарлауға тиіс.
17. Гимназия қорғау/қауіпсіздік ұйымының бақылауында болады.

III. Мәдени тәртіптің бірыңғай нормалары:

1. Гимназияның білім алушылар мен жұмыскерлердің денсаулығын сақтауды медициналық жұмыскер (келісім бойынша) қамтамасыз етеді.

өріп немесе жинап жүру керек); тырнақ өсіру және түсті бояуға бояу рұқсат етілмейді; шаш, құлақ, қолға әртүрлі аксессуарлар тағуға рұқсат етілмейді.

Педагогтер іскерлік стильде киінеді және бірыңғай форманы ұстанады.
Күнделікті іскерлік стиль – бұл классикалық стильдегі немесе қазіргі талапқа сай тігілген киімдер (Іскерлік стильге жатпайтын киімдер: спорттық киімдер, футболкалар,

қысқа кеудешелер, ашық өңірлі блузкалар; джинсы, шалбарлар, қысқа белдемшелер, тізеден 10 см жоғары белдемшелер; селдір, түрлі-түсті киімдер; аксессуарлар).

11. Дене шынықтыру сабақтарында және сыныптан тыс спорттық іс-шаралар өткізген уақытта білім алушылар спорттық киімдер киюге міндетті: футболка, спорттық костюм және аяқ киім (гимназияда қабылданған нысанға сәйкес).

12. Сыныптан тыс іс-шараларды өткізген уақытта білім алушыларға өз қалауынша қалыпты киім стилін қалауына болады.

ІҮ. Оқу үдерісіне қатысушылардың бірыңғай құқықтары:

Барлық оқу үдерісіне қатысушылар (білім алушылар, педагогтер, ата-аналар)
құқылы:

1. Гимназияның оқу-тәрбие ісіне қатысты және барлық өзгерістер жайында дер кезінде ақпараттар алу мүмкіндігіне ие болады. Ақпараттар гимназияның ресми сайтында/әлеуметтік желілердегі парақшаларында жарияланады, білім алушыларға сабақта, сынып сағаттарында, өткізілген жиындарда, ата-аналарға ата-аналар жиналысында айтылады және гимназияда білім алушылар мен ата-аналарға арналған жұмыс ватсап топтары белсене қолданылады. Электронды «Күнделік» жүйесі арқылы кері байланыс орнатылады.

2. Қажет болған жағдайда берілетін қосымша көмек.

2.1. Білім алушылар оқу бағдарламасымен қарастырылған материалды түсіну үшін кеңестер, ал ата-аналар және педагогтер әкімшіліктен мәліметтер ала алады.

3. Гимназия жұмыскерлері және ата-аналар білім алушыларды жәбірленуден сақтайды.

4. Денсаулықты қорғау: оқу орындарында және қауіпсіздік жағдайларда санитарлық нормаларды сақтау, жұмыс жүктемесінің нормаларын анықтау.

5. Педагог сабақтан тыс бос уақытын басқа жоспарлы жұмыстар болмаса өз еркімен қолданады. Педагогтер мен сынып жетекшілер оқушылардың үйлеріне құқық бұзушылықтың, қаңғыбастық пен панасыздықтың және т.б. келеңсіз жағдайларды алдын алу мақсатында, сонымен қатар тәрбие жоспары мен жұмыс мақсаттары қажеттілігіне қарай рейдтік жұмыстар жүргізеді (мониторинг).

6. Қоғамдық ұйымдар мен гимназияның өзін-өзі басқару жұмыстарына қатысады.

7. Гимназия білім алушылары және ата-аналармен өткізілетін сауалнама барысында немесе сенім телефоны, сенім жәшігі және басқа да байланыс құралдары арқылы өз пікірлерін айта алады.

II тарау

Гимназия білім алушыларының тәртіп ережелері.

1.Жалпы ережелер:

1. Білім алушылар гимназияға сабақ басталардың 10-мин. ерте келу керек.

2. Гимназияға жиі кешігіп келетін білім алушылар гимназия әкімшілігіне шақырылып, білім алушы және оның ата-анасымен тиісті алдын-алу жұмыстары жүргізіледі.

3. Барлық сынып білім алушылары жыл мезгіліне сәйкес аяқ киімдерін ауыстыру тиіс, қажеттілікке байланысты жыл мезгіліне сәйкес екінші аяқ киімінің болуы міндетті.
4. Міндетті түрде қабылданған мектеп формасы қажет. Гимназияға әшекей заттарды әкелу рұқсат етілмейді.
5. Дене шынықтыру сабағына еденде сызық қалдырмайтын спорт аяқ киімі қажет. Спорт киімі жоқ білім алушылар дене шынықтыру сабағына жіберілмейді. Сол себептен қатыспаған сабақ себепсіз қалған деп есептелінеді де және педагогтың бақылауында болады.
6. Гимназияның ішінде сыртқы киіммен жүруге болмайды.
7. Білім алушылар, себептер бойынша сабақтарға толық қатыса алмаған немесе басқа жағдайларда үйлеріне ерте кету қажет болса, гимназиядан сынып жетекшілердің немесе кезекші әкімшіліктің рұқсатымен ғана ерте шыға алады.
8. Басшының белгіленген және бекітілген кестесі бойынша үзіліс кезінде сыныптардың кезекшілігі және педагогтердың кезекшілігі ұйымдастырылады.
9. Сыртқы киімдердің қалталарында ақша, кілт, ұялы телефон және басқа құнды заттарды қалдыруға болмайды, олар жоғалған жағдайда гимназия әкімшілігі жауап бермейді.
10. Гимназия білім алушыларына сіріңке, от тұтағыш, қадалатын және тілгіш заттар, газ баллондар, қару (соның ішінде газды немесе пневматикалық), ойын карталарын әкелуге қатаң тыйым салынады.
11. Гимназия білім алушыларына сабақ барысында ұялы телефондарды, құнды гаджеттер мен оқу-тәрбиелік үдерісіне қатысы жоқ басқа да заттарды қолдануға қатаң тыйым салынады.
12. Гимназияға сағыз әкелуге болмайды.
13. Сабақтан тыс жұмыс жоспарында қарастырылған іс-шаралар болмаса, білім алушылар барлық сабақтан кейін үйге қайту қажет.
14. Сабақтан тыс іс-шаралар, вариативті курстар, спорттық секциялар, үйірмелер, бекітілген кесте бойынша өткізіледі.

2. Білім алушының оқу құжаттары және оқу сағаттарын ұйымдастыру:

1. Әр білім алушы электронды күнделікпен жұмыс жасау қажет.
2. Сабақтарды босатқан жағдайда білім алушы сынып жетекшісіне растайтын құжаттарды көрсету қажет: медициналық анықтама немесе ата-аналардың жазбаша өтініші немесе түсініктемесі.
3. Бір апта ішінде оқушы 1 күннен артық сабаққа қатыспаса және растайтын құжаттары жоқ болса, онда ол тек ата-анасының жазбаша түсініктемесі негізінде ғана сабаққа жіберіледі.
4. Сынып жетекшілер сабақтарды жиі қалдыратын білім алушылардың үйлеріне міндетті түрде барып, ата-аналармен жеке жұмысты жүргізу қажет, тиісті актті құрады.
5. Әр дүйсенбі сайын 5-11 сыныптарда Сынып сағаттары өткізіледі, сынып сағаттарының тақырыптары тәрбие жоспарына сәйкес дайындалады, сынып сағатының ұзақтығы – 40 минут.
6. Үзіліске қоңырау соғылғаннан кейін педагогтың білім алушыны бөгеуге рұқсаты жоқ, үзіліске бірден жіберу керек.

7. Білім алушыларды сабақ барысында себепсіз сабақтан сыртқа шығаруға қатаң тыйым салынады.

8. Гимназия басшысының/орынбасарының немесе кезекші әкімшіліктің шешімі бойынша білім алушы сабақтан дәлелді себебі бойынша босатылу мүмкін.

3. Жалпы қолданыстағы орындар:

1. Асханада білім алушылар бекітілген кесте бойынша тамақтанады.

2. Дәлізде, баспалдақта және рекреацияда тамақ ішуге рұқсат етілмейді. Асханада құрастырылған және басшымен бекітілген кесте бойынша педагогтер кезекшілікті атқарады.

3. Кітапхана:

- Кітапханада педагогтерге, білім алушыларға қызмет көрсету бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.
- Педагогтер, білім алушылар кітапханадан алған оқулық/кітап үшін материалдық жауапкершілікке тартылады.

4. Спорт залы:

- Сабақтан тыс уақытындағы оқу-жаттығулар, спорттық секциялар кестеге сәйкес ұйымдастырылады.
- Спорт залында өтетін сабақтарға қатысу үшін спорт киім мен аяқ-киім міндетті түрде қажет.

5. Рекреация:

- Денсаулыққа немесе мүлікке әсер тигізетін заттармен ойын ойнауға қатаң тыйым салынады.
- Үзіліс кезінде педагогтер мен білім алушылардың кезекшілігі ұйымдастырылады.

6. Акт залы:

- Білім алушылар акт залында педагогтың қатысуымен ғана бола алады.
- Салтанатты және сыныптан тыс іс-шаралар, сынып сағаттар, гимназия педагогтері мен білім алушылары және олардың ата-аналарының қатысуымен мерекелік концерттер/шаралар өткізіледі.

7. Дәретхана:

- Дәретхана гимназияның әр қабатында орналасқан.
- Әр қабатта кезекші посты орналасқан.

4. Білім алушылардың тәртібі:

1. Білім алушылардың тәртібі Гимназия жарғысында, осы Ережеде қарастырылған.

2. Жазалау ретінде құжаттарда қарастырылған шаралардан басқа мына шаралар қолданылу мүмкін:

- сынып ұжымында тәртіпсіздікті талқылау;
- ата-аналар жиналысында тәртіпсіздікті талқылау;
- алдын-алу кеңестерінде тәртіпсіздікті талқылау.

3. Білім алушыларды мадақтау ретінде мына шаралар қолданылу мүмкін:

- алғыс жариялау;
- мадақтамамен марапаттау және т.б..

5. Гимназия білім алушыларының құқығы:

1. Өзінің және өз отбасының абыройын құрметтеу;

2. Тегін жалпы орта білім алу (мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім);

3. Денсаулық сақтау технологиясы бойынша білім алу;
4. Өз білімін жетілдіру үшін жағдай құру;
5. Қосымша білім қызметтерін алу (оның ішінде ақылы);
6. Гимназия жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар мен сыни ескертулер енгізу (оның ішінде заңды бастамалар), жұмыстағы кемшіліктерді жою;
7. Лауазымдық тұлғалар немесе білім алушылар тарапынан білім алушылар құқығын бұзған жөнінде басқару кеңесіне, гимназия әкімшілігіне шағымдану және өтініш ету;
8. Гимназия жоспарларында қарастырылған іс-шараларға бару;
9. Оқу жылдың кез келген уақытында басқа оқу орнына ауысу;
10. Тегін медициналық көмек алу және білім алу мақсатымен кітапхана қорымен, интернетпен жұмыс жасау;
11. Аптасына берілетін 2 демалыс сенбі, жексенбі күндері, заңды мерекелі күндерінде, сондай-ақ, жыл сайынғы күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы демалыс күндері демалу;
12. Педагогтердің қойған балдарына/бағаларына түсінік алу;
13. Жеке тәртібіне, үлгеріміне байланысты туындаған мәселелерді шешу кезінде жанында болу;
14. Өз туралы ақпаратты құпияда сақтау;
15. Күш көрсетуден және психологиялық зорлық-зомбылықтан қорғану;
16. Білім және оқыту барысы туралы құжаттарды алуға.

6. Гимназия білім алушыларының міндеттері:

1. ҚР гимнін және рәміздерін білу, құрметтеу;
2. Гимназия Жарғысын, гимназияның тәртіп Ережелерін білу және орындау;
3. Жақсы білім алуға;
4. Гимназия басқару органдарының заңды шешімдерін, педагогтер мен әкімшілтің талаптарын орындау;
5. Жеке абыройын, өзге адамдардың көзқарастарын құрметтеу, олардың құқықтарын сақтау;
6. Өз денсаулығын, қоршаған ортаның қауіпсіздігін және өмірін сақтау;
7. Гимназияның жеке меншігін дұрыс пайдалану және сақтау;
8. Гимназияға келтірілген нұқсанды түзету немесе ақысын төлеу;
9. Гимназияның және оның ауласының тазалығын сақтауға ата-анасының келісімімен қатысуға;
10. Гимназия дәстүрін, оның беделін қолдауға міндетті.

III тарау

Гимназия білім алушыларының ата-аналары (немесе оларды алмастырушы тұлғалар) үшін Ережелер.

Ата-аналарға арналған ішкі тәртіп Ережелері.

I. Жалпы білімді қамтамасыз ететін шаралар:

1. Ата-ана мектеп жасындағы баланың үйде және орта білім ұйымында оқуына қолайлы жағдай жасай отыра, оның дамуына мүмкіндік беруге міндетті.
2. Ата-ана білім ұйымына өзінің мекен-жайы туралы хабарлайды және оның өзгергені жайлы алдын-ала ескертеді.

3. Ата-ана оқу процесін реттейтін негізгі құжаттармен, гимназияның Жарғысы және ішкі тәртіп Ережелерімен таныса отыра, өзінің тәрбиелік күш жігерін бала тәрбиесіне жұмсайды.

4. Ата-аналар өз баласының білім деңгейі мен үлгірімін бақылау мақсатында педагогтердің оқу сабақтарына алдын-ала гимназия әкімшілігінен рұқсат алып қатыса алады.

5. Ата-ана гимназиямен қарым-қатынасын келесі міндеттерді орындау арқылы жүзеге асырады:

а) ата-аналар жиналысына қатысу;

ә) күнделікті білім алушының білімін электронды күнделік арқылы қадағалап отыру;

б) педагогтердің жазбаша/электронды ескертулеріне уақытында көңіл бөлу;

б) сынып жетекшісі мен педагогтермен кездесу;

в) жеке сұхбаттардың барысындағы келісімдерді орындау.

6. Ата-ана баланың сабаққа қатыспайтындығы туралы алдын-ала сынып жетекшіні ескертуге міндетті (телефон немесе ондай мүмкіншілік болмаса, басқа адамдар арқылы). Жоспарлы түрде сабақ босатылатын болса, мысалы дәрігердің қабылдауына бару, алдын-ала күнін және себебін көрсетіп хабарлама жазып жіберу керек.

7. Оқу үдерісінде сабақтан босату себептері:

а) білім алушының ауырып қалуы;

ә) ерекше ауа райы жағдайы (қатты желмен боран, тиісті нормадан төмен температура және т.б.);

б) гимназия білім алушыларының жарыстар, сайыстар, олимпиадалар, жобаларға және т.б. байқаулер мен іс-шараларға қатысуы;

в) ұйымдастырылған тасмалдаудың болмауы, маңызды – төтенше, отбасылық жағдайлар.

II. Ата-аналарға әсер ету және оларды қолдау шаралары:

1. Ата-аналар педагогтерден қосымша ақпараттар алуға құқылы, қойылған балдар/бағалар, білім алушының үлгерімі және балаға қиындық тудыратын жайттар туралы жеке кеңестер арқылы түсініктеме алады.

2. Егер де балаға берілген анықтамада көрсетілген себептерге күдіктенетін болса және білім алушы сабақтан көп босатылған жағдайда, гимназия педагогы ата-анасынан қосымша түсініктемені талап етуге құқылы.

3. Егер ата-ана білім алушының сабаққа қатыспайтыны жайлы хабарламаған болса және оның себебін анықтау мүмкін емес жағдайда, гимназия әкімшілігі, сынып жетекшісі және әлеуметтік педагог тарапынан білім алушының мекен-жайы бойынша сабақтарға қатыспау себебін анықтау мақсатында үйіне барып тексеруді жүргізу қажет.

4. Сабақтарды дәлелді себепсіз көгі қалдырған білім алушылар және олардың ата-аналары гимназия әкімшілігі тарапынан құқық бұзушылықты алдын-алу кеңесінің отырысында қарастырылады, отырыс шешімдері орындалмай, сабақтарды себепсіз қалдыратын жағдайлар қайталанса, онда гимназия әкімшілігі қалалық кәмелетке толмаған істер жөніндегі комиссиясына құжаттарды жинақтап тапсырады, заңнамада көрсетілген тиісті шараларды қолдану жөнінде өтініш жасайды.

IV тарау

Педагогикалық ұжымының жұмысын жарнамалайтын ережелер.

Педагогтердің жұмысын реттеу.

I. Негізгі ережелер:

1. Педагогтер ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарында, гимназия Жарғысында, ішкі тәртіп Ережесінде және лауазымдық нұсқаулықтарында көрсетілген міндеттерді қатаң түрде толық орындауға міндетті.
2. Еңбек тәртібін сақтайды - жұмысқа уақытында келіп, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтайды, гимназия басшысының бұйрықтарын, әкімшіліктің сұраныстарын, тапсырмаларын, өткізілген кеңестердің қаулылары мен шешімдерін уақытында тиісті деңгейде орындайды.
3. Еңбек қорғау, техника және өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитарлық талаптарды орындайды және басқа да алдын-ала ескертілген нұсқаулықтарды/талаптарды сақтайды.
4. Өз жұмыс орнын таза ұстайды, оқу кабинеті мен қосалқы бөлмелерін санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қамтамасыз етеді, берілген, бекітілген материалды құндылықтарға және мүліктерге жауап беріп, педагог тарапынан берілген мүлік-заттар бүлінсе, бұзылса немесе жоғалса, онда сол педагог орнын қалпына келтіруге міндетті.
5. Өздері және білім алушыларды гимназияның мүлігіне ұқыпты қарауды үйретіп, жылу, электрэнергияны және басқа да материалдарды, құнды заттарды үнемді және дұрыс қолдануға баулиды, қамтамасыз етеді.
6. Заңнамада көрсетілген мерзім аралығында, өту мерзімін сақтай отырып, тиісті медициналық тексерістен өтеді, сәйкес құжатты уақытында гимназияға тапсырады.
7. Гимназияның педагог жұмыскерлері сабақ және қоңырау уақытында білім алушылардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулықтарына толық жауап береді, олардың жарақаттанған кезінде әкімшілікке дер кезінде хабарлауға тиіс, алғашқы дәрігерге дейінгі көмекті көрсетуге міндетті.
8. Білім алушының физикалық мүмкіншіліктерін және қабілеттерін ескере отыра, педагог оның өз пәні бойынша МЖМББ-стандартына сәйкес ойдағыдай білім алуына қолайлы жағдайды жасайды.
9. Әкімшілік және штаттық бірлік мүшелері жүктемесіне сай, бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес, еңбек заңнамасында көрсетілген жұмыс уақыты аралығында жұмыс жасайды. Пән педагогы бекітілген сабақ кестесі (инвариантты/вариативті компонент бойынша кестесі) бойынша жұмыс атқарады. Сабақ басталардан 15 минут бұрын келеді.
10. Гимназияның педагогикалық жұмыскерлері өткізілетін жоспарлы, алдын-ала ескертілген кеңестерге, жиналыстарға, отырыстарға және басқа да жиындарға жұмыс күні аралығында уақытында қатысуға міндетті.
11. Жұмысқа жарамсыздығы жөнінде дәрігерлік парақ ашылған болса, ол жайында жұмыскер міндетті түрде әкімшілікке хабарлауға тиіс, және де дәрігер жарамсыздық парақты жапқан соң, бірден жұмысқа қайта шығатын күні туралы мәліметті әкімшілікке жеткізуге міндетті. Гимназия басшысының орынбасары тиісті сабақ кестесінің өзгертуін жүзеге асырады.
12. Жұмыскер жеке себептерге байланысты жұмысқа шыға алмаса, ол жайында дереу гимназия басшысына, содаң соң орынбасарға нақты себебін хабарлайды.

Егерде себепті гимназия басшысы (орынбасары) орынды емес деп есептесе немесе бұл жағдайды жұмыстан кейін де орындауға, атқаруға болатын себеп деп санаса, онда қызметкерге жеке себеп бойынша жұмысқа шықпауға рұқсат берілмейді. Бұндай жағдайда педагог жұмысқа келуге міндетті. Жұмыскерге жалақы сақталмайтын демалыс тек еңбек заңнамасында көрсетілген себептер бойынша берілу мүмкін, алдын-ала жазбаша өтініші негізінде және гимназия басшысымен келісу арқылы. Жұмысқа шыға алмайтын себеп сол жұмыскерге алдын-ала белгілі болса, онда ол бір күн бұрын жазбаша өтініш арқылы сұранады, егерде өтінішке қол қойып рұқсат берілсе ғана жұмыстан босатылады, босату немесе босатпау құқығын гимназия басшысы өзіне қалдырады (егерде гимназия басшысы дәлелді себеп бойынша жұмыста болмаса, онда орнына қалдырған орынбасар/кезекші орынбасар бұл сұрақ бойынша шешім қабылдайды). Егерде жұмыскер ауырып қалса, жарамсыздық парағы ашылмаса, онда гимназия басшысы келісімімен сол күндің жүктемесін басқа күні атқарады, медициналық анықтамасы болмаса, сол күн бойынша жалақы сақталмайтын демалыс беріледі.

13. Педагог сабақты қоңыраудан кейін бірден бастау керек. Педагог сабақ барысында сабаққа қатыспаған және кешіккен білім алушыларды, олардың сабаққа деген даярлығын бақылайды. Педагог сабақ барысында білім алушылардың тәртібін және гимназия мүлкінің сақталуын қамтамасыз етеді. Гимназия мүлкі жоғалған жағдайда, бірден сынып жетекшісіне және жазбаша түрде гимназия басшысына хабарлайды.

15. Педагог сабақ уақытын оқу-тәрбие жұмысына толық жұмсайды. Педагог сабақ барысында білім алушыны сабақтан шығарып жібере алмайды немесе ұялы телефонмен байланыс жасауына рұқсат етпейді. Білім алушыларға сабақтан шығуына төтенше жағдайларда ғана рұқсат беріледі.

16. Педагог білім алушылардың балдарын/бағаларын нақтылайды, түсініктеме береді. Электронды сынып журналын уақытында толтырады, «Күнделік»-ке тиісті балды/бағаны қоюға міндетті, үйге берілген тапсырмаларды нақтылап береді.

17. Педагог тек қоңырау соғылысымен ғана сабақты аяқтайды, білім алушыларға сыныптан шығуға рұқсат береді.

18. Педагогтер үзіліс кезінде барлық білім алушылардан әдепті, тәртіпті талап етеді. Бекітілген кестеге сай кезекшілік жүргізеді, одан да тыс әрдайым білім алушылар тарапынан тәртіп ережелерінің орындалуын үнемі қадағалайды.

19. Соңғы сабақ өткізген педагог білім алушыларды гардеробқа шығарып салады, үйлеріне гимназиядан шығуларын ұйымдастырады.

20. Сабақтан тыс уақытта педагогтер үлгірмеушілікті алдын-алу, пән бойынша оқу бағдарламасын меңгерту, білім сапасын көтеру, түрлі деңгейдегі байқауларға, сайыстарға, олимпиадаларға білім алушыларды сапалы дайындау мақсатында жеке жұмыстарды ұйымдастырады.

21. Қажеттілікке (сұранысқа) қарай пән педагогі гимназия ішілік және сыныпта өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысады.

22. Білім алушыларға және де бөтен адамдарға, кеңестерде, жиналыстарда талқыланатын конфиденциалдық ақпараттарды/мәліметтерді хабарлауға қатаң тыйым салынады.

23. Педагог жұмысқа, сыныптан тыс іс-шараға, сынып сағатына сабаққа қажетті алдын-ала дайындық жұмыстарын атқарады, күнделікті сабақ жоспарының болуы

міндетті, гимназия әкімшілігінің сұранысы бойынша белгіленге уақытта көрсетуді қамтамасыз етеді. Гимназия әкімшілігі сабаққа дайын емес келген, күнделікті жоспары жоқ педагогтер әрі қарай сабаққа жіберу құқығын өзіне қалдырады, сол педагогқа тәртіптік жазалауды қолдана отырып, жұмыстан шектету мүмкін.

II. Педагогтерге ықпал ету және көмек көрсету:

Төмендегі шаралар гимназия педагогтері жұмыстарының тиімділігін арттыру, орындаушылық тәртіпті жоғарылату, гимназия ішкі іс-әрекетіне ынталандыру мақсатында қолданылады.

Жұмыскерлерді мадақтау:

Еңбек міндеттерін үлгілі орындағаны, жоғары нәтижеге жеткені, көп жылғы еңбегі, мерзімнен тыс жұмыс жасағаны, гимназия жұмысына жаңашылықтар енгізгені және т.б. жетістіктері үшін келесі мадақтаулар беріледі:

а) педагогтерді ұжыммен және ата-аналардың жиналысында, салтанатты шараларда марапаттайды;

б) бұйрық бойынша алғыс жариялайды;

в) мадақтамамен, дипломмен марапаттайды;

г) педагогтің келісімімен қалалық/аймақтық, облыстық және республикалық/халықаралық сайыстарға ұсынады;

д) педагогтің келісімімен қалалық/аймақтық, облыстық, республикалық/халықаралық деңгейдегі жауапты іс-шараларға ұсынады;

е) өз тәжірибесін жинақтауға, басылымдарын дайындауға, авторлық жұмыстарды немесе дидактикалық көрнекіліктерді басып шығаруға ықпал етеді;

ж) гимназияның мүмкіншіліктеріне қарай оқу жүктемелерін таңдау, қалауы бойынша жұмыс кестесін орнату;

з) өз білімін жетілдіру курстарына жолдама алу, педагогтің сұранысы бойынша білім жетілдіру курстарына жіберу;

и) демалыс уақытындағы қосымша ақысыз жүктелген жұмыстарға, текшіліктерге қосымша демалыс күндері, олардың ұзақтығын гимназия әкімшілігі белгілейді.

Мадақтаудың түрін әкімшілік немесе басшысының қатысуымен құрылған әкімшілік мүшелері, педагогтер кеңесі, кәсіподақ кеңесі тағайындайды.

Педагогтерді ынталандырудың қосымша түрлерін пайдалануға, гимназияның қосымшылық бағытындағы жұмыстарына әкімшілік мүшелерінің қызығушылығын арттыруды гимназия әкімшілігі қолдануға құқылы.

III. Жұмыскерлердің тәртіпке жауапкершілікпен қарауы:

Қызметтегі нұсқауларды бұзу, басшының бұйрығын, орындаушылық тәртіпті бұзғаны және басқа да жұмыстағы тәртіп бұзушылық көрсеткені үшін келесі тәртіпке тарту ережелері қолданылады:

а) тәртіпті бұзғаны жайында жазбаша түсініктеме талап ету;

б) гимназия ішкі бақылау анықтамаларында тәртіпті бұзғанын жазбаша тіркеу;

в) әкімшілік кеңесінің мүшелерімен сұхбаттасу, сұхбат хаттамасында келісімді тіркеу;

г) гимназияның ішкі ережесін бұзғаны үшін педагогқа гимназия басшысының бұйрығымен жазбаша тәртіптік шара қолдану;

д) әкімшілік кеңестің отырысына шақыру.

Еңбек міндеттерінің дөрекі тәртіп бұзушылығы болып саналады:

- а) жұмысқа алкогольдік ішімдік ішіп немесе нашақорлықтың әсерімен келсе;
ә) этикалық нормаларға қарама-қайшы әрекет жасап, жұмысқа себепсіз кешігіп келу, жұмыс берушінің рұқсатынсыз жұмыс орнынан ерте кету;
б) өз еркімен жұмысқа шықпау;
в) жұмыс берушіге, әріптестеріне, білім алушыларға материалдық/психикалық зиян келтіру;
г) еңбектің ішкі тәртіп ережелерін, талаптарын, лауазымдық нұсқаулықтарын және қауіпсіздік талаптарын орындамау.
6. Жұмыскерге еңбек заңнамасында және басқа да нормативтік құжаттарда көрсетілген тәртіптік жазалау шаралары қолданылады.